

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

3

MAY – JUNE 2021

ALMATY, NAS RK

NAS RK is pleased to announce that Bulletin of NAS RK scientific journal has been accepted for indexing in the Emerging Sources Citation Index, a new edition of Web of Science. Content in this index is under consideration by Clarivate Analytics to be accepted in the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index, and the Arts & Humanities Citation Index. The quality and depth of content Web of Science offers to researchers, authors, publishers, and institutions sets it apart from other research databases. The inclusion of Bulletin of NAS RK in the Emerging Sources Citation Index demonstrates our dedication to providing the most relevant and influential multidiscipline content to our community.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы «ҚР ҰҒА Хабаршысы» ғылыми журналының Web of Science-тің жаңаланған нұсқасы Emerging Sources Citation Index-те индекстелуге қабылданғанын хабарлайды. Бұл индекстелу барысында Clarivate Analytics компаниясы журналды одан әрі the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index және the Arts & Humanities Citation Index-ке қабылдау мәселесін қарастыруда. Web of Science зерттеушілер, авторлар, баспашылар мен мекемелерге контент тереңдігі мен сапасын ұсынады. ҚР ҰҒА Хабаршысының Emerging Sources Citation Index-ке енуі біздің қоғамдастық үшін ең өзекті және беделді мультидисциплинарлы контентке адалдығымызды білдіреді.

НАН РК сообщает, что научный журнал «Вестник НАН РК» был принят для индексирования в Emerging Sources Citation Index, обновленной версии Web of Science. Содержание в этом индексировании находится в стадии рассмотрения компанией Clarivate Analytics для дальнейшего принятия журнала в the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index и the Arts & Humanities Citation Index. Web of Science предлагает качество и глубину контента для исследователей, авторов, издателей и учреждений. Включение Вестника НАН РК в Emerging Sources Citation Index демонстрирует нашу приверженность к наиболее актуальному и влиятельному мультидисциплинарному контенту для нашего сообщества.

Бас редактор:

ҚОЙГЕЛДИЕВ Мәмбет Құлжабайұлы (бас редактор), тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 3

Редакция алқасы:

ОМАРОВ Бауыржан Жұмаханұлы (бас редактордың орынбасары), филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) Н = 4

МАТЫЖАНОВ Кенжехан Слямжанұлы (бас редактордың орынбасары), филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан) Н = 4

ЙОВИЦА Радуга Патетре, Ph.D (археология), Нью-Йорк университетінің профессоры (Нью-Йорк, АҚШ) Н = 19

БАНАС Йозеф, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Жешув технологиялық университетінің профессоры (Жешув, Польша) Н = 26

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Украинаның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, «Киев-Могила академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина) Н = 2

МАКУЛОВА Айымжан Төлегенқызы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті (Алматы, Қазақстан) Н = 3

ИСМАҒҰЛОВ Оразақ Исмағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) Н = 6

ӘБЖАНОВ Ханкелді Махмұтұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 4

БИЖАНОВ Ахан Хұсайынұлы, саясаттану ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры (Алматы, Қазақстан) Н = 1

ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жакен Қожахметұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 4

СҮЛЕЙМЕНОВ Майдан Күнтуарұлы, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

САБИКЕНОВ Салахиден Нұрсарыұлы, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 2

ҚОЖАМЖАРОВА Дариякул Пернешқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 2

БАЙТАНАЕВ Бауыржан Әбішұлы, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

БАЗАРБАЕВА Зейнеп Мүслімқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

ШАУКЕНОВА Зарема Каукенқызы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

ЖОЛДАСБЕКОВА Баян Өмірбекқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) Н = 2

НУРҚАТОВА Ляззат Төлегенқызы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.).

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген № 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *іргелі ғылымдар саласындағы жаңа жетістіктер нәтижелерін жария ету.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19, 272-13-18

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2021

Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Главный редактор:

КОЙГЕЛЬДИЕВ Мамбет Кулжабаевич (главный редактор), доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 3

Редакционная коллегия:

ОМАРОВ Бауыржан Жумаханулы (заместитель главного редактора), доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК (Нур-Султан, Казахстан) Н = 4

МАТЫЖАНОВ Кенжехан Слямжанович (заместитель главного редактора), доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан) Н = 4

ЙОВИЦА Радуга Пэтрэ, доктор философии (Ph.D, археология), профессор Нью-Йоркского университета (Нью-Йорк, США) Н = 19

БАНАС Йозеф, доктор социологических наук, профессор Жешувского технологического университета (Жешув, Польша) Н = 26

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заслуженный деятель науки и техники Украины, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина) Н = 2

МАКУЛОВА Айымжан Тулегеновна, доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз (Алматы, Казахстан) Н = 3

ИСМАГУЛОВ Оразак Исмагулович, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Нур-Султан, Казахстан) Н = 6

АБЖАНОВ Ханкелди Махматович, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 4

БИЖАНОВ Ахан Хусаинович, доктор политических наук, член-корреспондент НАН РК, директор Института философии, политологии и религии (Алматы, Казахстан) Н = 1

ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожаметович, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 4

СУЛЕЙМЕНОВ Майдан Кунтуарович, доктор юридических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

САБИКЕНОВ Салахиден Нурсариевич, доктор юридических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

КОЖАМЖАРОВА Дариякуль Пернешевна, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

БАЙТАНАЕВ Бауржан Абишевич, доктор исторических наук, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

БАЗАРБАЕВА Зейнеп Муслимовна, доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

ШАУКЕНОВА Зарема Каукеновна, доктор социологических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

ЖОЛДАСБЕКОВА Баян Омирбековна, доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

НУРКАТОВА Ляззат Толеговна, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № 16895-Ж, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *публикация результатов новых достижений в области фундаментальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19, 272-13-18

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2021

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

Editor in chief

KOIGELDIEV Mambet Kulzhabaevich (Editor-in-Chief), Doctor of History, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 3

Editorial board:

OMAROV Bauyrzhan Zhumakhanuly (Deputy Editor-in-Chief), Doctor of Philology, Professor, Academician of NAS RK (Nur-Sultan, Kazakhstan) H = 4

MATYZHANOV Kenzhekhan Slyamzhanovich (Deputy Editor-in-Chief), Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

SAPARBAYEV Abdizhappar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology, (Almaty, Kazakhstan) H = 4

JOVICA Radu Petre, Ph.D, History, Archeology, Professor, New York University (New York, USA) H = 19

BANAS Joseph, Doctor of Social science, Professor, Rzeszow University of Technology (Rzeszow, Poland) H = 26

LUKYANENKO Irina, doctor of economics, professor, honored worker of Science and Technology of Ukraine, head of the department of the National University «Kyiv-Mohyla Academy» (Kiev, Ukraine) H = 2

MAKULOVA Aymzhan Tulegenovna, doctor of economics, professor, Narkhoz University (Almaty, Kazakhstan) H = 3

ISSMAGULOV Orazak Issmagulovich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Nur-Sultan, Kazakhstan) H = 6

ABZHANOV Khankeldi Makhmutovich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 4

BIZHANOV Akhan Khusainovich, Doctor of Political Sciences, Corresponding Member of NAS RK, Director of the Institute of Philosophy, Political Science and Religion (Almaty, Kazakhstan) H = 1

TAIMAGAMBETOV Zhaken Kozhakhmetovich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, (Almaty, Kazakhstan) H = 4

SULEYMENOV Maidan Kuntuarovich, Doctor of Law, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

SABIKENOV Salakhiden Nursarievich, Doctor of Law, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 2

KOZHAMZHAROVA Dariyakul Perneshevna, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 2

BAITANAEV Baurzhan Abishevich, Doctor of Historical Sciences, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

BAZARBAYEVA Zeinep Muslimovna, Doctor of Philology, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

SHAUKENOVA Zarema, Doctor of Sociology, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

DZHOLDASBEKOVA Bayan Umirbekovna, Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of NAS RK H = 2

NURKATOVA Lyazzat Tolegenovna, Doctor of Social Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan) H = 1

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty).

The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan No. 16895-Ж, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *publication of the results of new achievements in the field of basic sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2021

Address of printing house: ST «Aruna», 75, Muratbayev str, Almaty.

Э. Н. Оразалиева

Назарбаев Университеті, Қазақ тілі және түркітану департаменті,
Нұр-Сұлтан Қазақстан

E-mil: elmira.orazaliyeva@nu.edu.kz

**«ТІЛ КӨРНЕКІЛІГІ» – ӨЗГЕШЕ ТАНЫМ ӘЛЕМІ
(А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» негізінде)**

Аннотация. А. Байтұрсынұлы тіл ғылымында алғашқылар қатарында экстралингвистикалық талдаулар тізбегін жасады. Тілші «сана-саңлауы» ұғымын пайдалана отырып, танымдық бірліктің тілдік зерттеуде атқарар қызметін, өзіндік орнын айқындауға тырысты. Сөз мағынасының ауысып қолдануын, сол арқылы ой көркемдігінің жүзеге асуын дәйектеген А. Байтұрсынұлы «қиял байлығына қарайтын» көркем сөзде орын алатын көріктеу, меңзеу, әсерлеу формаларын танымдық қабылдаудың, зейін мен зерденің дерек көзіне айналдыра сипаттады. Зерттеуші тілдік фактілерді сұрыптай келе, кез келген лингвистикалық еңбектің бір ғана тіл негіздеріне сүйене жазылмайтындығын ескерте отырып, тіл ғылымындағы салыстырмалы зерттеулердің маңызын атап көрсетті. Адамға тән екі ғаламның сабақтастығын дәлелдеу мақсатында оның психологиялық эмоционалды көңіл-күйін қияли танымның, ойлы сезімнің өзегіне айналдыра сипаттау арқылы тілші олардың біреулері бойына біткен сипат болса, екіншілері адамның қосқан, таңған сипаттары болады деп қорытындылады. Ғалымның пайымдауынша адам әсерлер жігін тек лепті, әсерлі, көрнекті, сәнді, тіл арқылы ғана баяндап жеткізе алады, яғни кез келген құбылысқа өз қарым-қатынасын білдіру мүмкіндігіне ие болады. Нәтижесінде тіл мен ойлау байланысынан туындайтын психологиялық реңктер тілтанымдық фактілердің қабылдану өзгешелігін дәйектейтін болғандықтан, адам дүниеге әкелген сөз үлгілері де, олардың функционалды-семантикалық өзгешеліктері де танымдық процестің салдарын айқындады. Анығырақ айтқанда, «шешен сөз», «толғау» сияқты әдеби шығармалар адам-дүние-тіл ұғымдарының «зор іліккен» байланысын уәждейтін психологиялық таным тұрғысынан сұрыпталды. Танымдық зерттеулердің пәнаралық негізін дәйектейтін факторлардың бірі – когнитологияда пәлсапалық әдістердің қолданыс табуы, диалектика ұстанымдарының таным процесінде жүзеге асуы. Адамтанудың басты қағидаларын сұрыптаған аталмыш ғылым саласы алғашқы философиялық ой-пікірлердің тізбегін ұсына отырып, қоршаған әлем мен құбылыстар туралы, олардың адам дамуына әсері мен өзара сабақтастығы хақында құнды деректердің дүниеге келуіне себепкер болды. Олардың қатарында адамның объективті дүниені тануы, оны ой елегінен өткізуі, қабылдаған мәліметтерді саралауы, сол арқылы болмыс пен шындықтың, табиғат пен қоғамның өзгешеліктерін түсіндіруі секілді проблемалар да зерттеу нысанын құра бастағандықтан, А. Байтұрсынұлы тіл табиғатын анықтау, оның адамзат өмірінде атқарар қызметін жүйелеу, сөз өнерінің танымдық үрдістерін саралау, сол арқылы тілдік құралдардың ғаламдық құбылыстармен сабақтастығын танып-білу негіздерін сұрыптау мақсатын көздеді.

Кілт сөздер: таным, пәлсапа, тіл білімі, антропология, әдеби құралдар

Кіріспе. Таным адам әрекетінің, тұрмыс-тіршілігінің әр алуан кезеңдерімен айқындалып пайымдалатындықтан, оның табиғатын түсіну әртүрлі ғылыми деректерді сабақтастыруға, олардың антропологиялық өзгешеліктерін сипаттауға негізделеді. Адам белгілі бір психофизиологиялық ерекшеліктер жиынтығы бола тұра, жаратылыс табиғатынан ойлы, пәлсапалы мүмкіндіктер орталығы, сан қилы маңызды әрекеттер тоғысы деп танылады. Адам өздігінен емес, қоғамдық бірлікте және қалыптасқан әлеуметтік-мәдени шарттарға сүйене дамып келе жатқандықтан, оның танымдық әрекетін пәлсапалық негізге, психологиялық сұрыптауға,

әлеуметтік дамуға, ұлттық-мәдени өркендеуге сүйене қарастыру – заңды ғылыми ұстаным. Адамзат ақыл-ойының күрделі табиғатына негізделген когнитивтік ғылымның бастауы жайлы әртүрлі пікір-тұжырымдардың орын алуы да соның нәтижесі. Ғалымдардың бір тобы ғылым бастауын когнитивтік психология мен лингвистика құрады десе, келесілері олардың санатына бірде пәлсапаны, бірде тіл білімін не болмаса антропология мен нейроғылымдарды жатқызғанды дұрыс деп есептейді [1; 72]. «Когнитивистер пәнаралық байланыстан жырақ кете алмайды, бұл заңдылық оның тарихи тамырында жатыр. Тек психологияның,

лингвистиканың, антропология мен философияның, компьютерологияның көмегімен ғана ақыл-ой табиғатын, тәжірибе пайымын, концептуалды жүйе негіздерін анықтауға болады...» [2; 23], - деп аталып көрсетілгендей, қазіргі ғылыми бағыттардың ішінде когнитивтік философияның, когнитивтік психологияның, когнитивтік әлеуметтанудың, когнитивтік мәдениеттану сияқты салалардың қалыптасып дәйектелуі де соның үйлесімді жалғасын құрап келеді.

«Адамзаттың ақыл-санасы, ойлау жүйесінің заңдылықтары, білімнің қайнар көздері мен оны меңгерілу жолдары, сол сияқты ми, психика, ментальды жағдайлар мен актілер – барлығы ерте кезден пәлсапа мен логика, психология мен биология шеңберінде зерттеліп келгендіктен» [3; 61], танымдық ғылымның жетістіктерін бір ғана бағытта сұрыпталатын тұжырымдар емес, олардың тоғысқан табиғаты, шебер ұштасқан жүйесі құрайды. «Таным» құбылысының ұғымдық аясы түрлі ғылыми түсініктемелердің бірлігінен жинақталып, логика, психология, социология, тарих ғылымдарымен байланыса отырып, әрі қоғамдық, әрі жаратылыстану заңдылықтарын сабақтастырды. Бұл ретте ғылымаралық заңдылықтарды тоғыстыра отырып, маңызды тұжырымдарды жинақтаған жұмыстардың бірі – А. Байтұрсынұлының 1926 ж. жарық көрген «Әдебиет танытқышы». Сөз өнері мен оның ұстанымдары туралы жазылған аталмыш зерттеу, ең алдымен, тіл мен әдебиет байланысына негізделген түсінік-талдаулардан тұрса; екіншіден, зерделеу мен терең пайымнан бастау алған авторлық пікір-көзқарастар дүние-болмыс мәселелерімен сабақтасып, филологиялық ізденістердің өзгеше үлгісін құрады. Сөз басын «Андату» деп бастап, «...анық көріп, сезіп, біліп тұрған айналамыздағы нәрселердің бәріне» [4; 137] зер салған ғалым тіл мен танымның тығыз байланысқан арақатынасын өз тұжырымдарының өзегіне айналдырды.

А. Байтұрсынұлы «адам санасының» үш негізін барлық тілтанымдық фактілерге арқау ете отырып, тілдің міндетін де осы үш арнадан өрбітті. Олар – ақыл, қиял, көңіл. «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып райлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау, көңіл ісі – түю, талғау» [4; 141] дей отырып, ғалым бүгінгі танымдық лингвистиканың мақсат-міндетін, негізгі ұғымдарын өзектейтін мәселелерді талдауларына нысан етті. Адам болмысының сан қилы мүмкіндіктерін оның сөз өнерімен, шығармашылық қабілетімен ұштастырған автор «сөздің өзін танытатын белгі – тіл яки лұғат белгісі болады. Ол белгі әркімнің өз ыңғайымен, өз оңтайымен сөз тізіп әдеттенуінен, салтануынан болады» [4; 142] деген қорытынды

жасады. «Сөз өнері деп асылында нені айтамыз?» деген сұрақтың жауабын да тілші біздің пікірімізден, қиялымыздан, көңілімізден, сөйлеу әрекетімізден іздеді, сондықтан «Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп қисынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару – сөз шығару болады» [4; 148],- деп қорытындылады.

А.Е. Кибрик: «Тіл – лингвистиканың негізгі нысаны. Оның астарында, ең алдымен, адамдардың шығу тегі мен өмір сүру заңдылықтарынан туындайтын әрі солармен тығыз байланыс құрайтын адамзаттың табиғи тілі қарастырылады...» [5; 9] деу арқылы тілдің табиғатын зерттеу адамзат болмысының даму өзгешелігін анықтаумен қатар жүретін лингвистикалық проблема деп есептеледі. Қазіргі тіл білімінің негізгі мақсатын тілді антропологиялық таным тұрғысынан зерделеу, оның жалпы адамзаттық эволюция, аксиологиялық құндылық секілді ұғымдармен сабақтастығына жете мән беру сияқты міндеттер арқылы шешу көзделіп келеді. Ғалым «ақын тілі» мен «әншейін тіл» [4; 150] өзгешеліктеріне назар аудара отырып, сөздің «ұнамды, өңді» болуының талғамдық шарттарын ұсынды. Олардың басым көпшілігін тек тілдің құрылымдық белгілерімен ғана емес, оның жалпы антропологиялық, физиопсихологиялық және танымдық ұстанымдарымен сабақтастырған А. Байтұрсынұлы тіл ғылымында алғашқылар қатарында экстралингвистикалық талдаулардың тізбегін жасады. «Сөз дұрыстығы», «Тіл тазалығы», «Тіл дәлдігі» нормаларымен қатар сөз болған «Тіл анықтығына», «Тіл көрнектілігіне» мән берсек, «талғау қоятын шарттардың» [4; 150-152] негізі адамның танымдық әрекетінен бастау алатыны байқалады. Айталық, «Айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса, тіл анықтығы дегеніміз сол болады. Лебіз ашық мағыналы болу үшін айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болу керек» деген тұжырым тіл мен таным арасындағы нақтылау қызметін сұрыптауға негізделген, яғни адам көріп-білген, сезген нәрсесін ғана тілмен нақты жеткізе алады.

Когнитивтік тіл білімінің қазіргі кең көлемде зерттеліп жүрген мәселелерін метафора немесе метафоралану, яғни сөз мағынасын ауыстырып қолдану құрайтындықтан, тілші талдауының ауқымды бөлігін қамтитын «Тіл көрнектілігі» де адамның өзіндік қабілеттерімен түсіндірілетін пайымдар қатарын ұтымды жалғастырған. «Сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуын да керек қылады» деумен қатар, автор қиял ісі меңзеу арқылы жасалатын деректі-дерексіз, жанды-жансыз заттар арасындағы сәйкестіктер негізінде «...дерексіз нәрсе, деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның

сана-сезіміне келіп түсерлік дәрежеге жетуі керек» [4; 154] деген маңызды қорытындыға келген. Тілші «сана-сезім» ұғымын пайдалана отырып, танымдық бірліктің тілдік зерттеуде атқарар қызметін, өзіндік орнын айқындауға тырысты. Сөз мағынасының ауысып қолдануын, сол арқылы ой көркемдігінің жүзеге асуын дәйектеген А. Байтұрсынұлы «қиял байлығына қарайтын» [4; 210] көркем сөзде орын алатын көріктеу, меңзеу, әсерлеу формаларын танымдық қабылдаудың, зейін мен зерденің дереккөзіне айналдыра сипаттады.

Авторлық пайымның келесі тізбегі «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесін» түсіндіруге бағытталған. «Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен жағады» [4; 208] деген түйінді дәлелдеуге құрылған бұл бөлім жалаң сөз бен көркем сөз арақатынасын, олардың бір-бірімен байланысар және өзгешеленер сипаттарын анықтауға негізделіп, «сөз айтудың» екі түрлі ерекшелігінен мәлімет береді:

- Сөзді жалаң түрінде айтқанда, күш көбінесе зейін жағына салынып, пайым терең, мағына күшті, пікір дәлелді болып айтылған сөз адамның ақылына қонуы көбірек көзделеді.

- Сөзді көркем түрінде айтқанда, күш көбінесе қиял мен қиыс (түйіс) жағына салынып, сүгіреті толық, меңзеуі мерген, қисыны қызық болып, сөз әсерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек көзделеді.

Бірінші жағдайда басты назар зейінге аударылса, екінші кезекте адамның қиялы мен қиысы негізге алынады, сол себепті тілші «Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі» деп қорытындылайды. Ескеретін мәселе, талдау барысында зерттеуші кез келген нәрсені не затты сипаттауда екі түрлі тәсілдің қолданылатынына мән берді: бірі – «тиіс жағынан алып сөйлеу»; екіншісі – «түйіс жағынан алып» сөз ету [1; 209], яғни алғашқыда адам, мысалы «кісі жайын сөйлегенде,...түсін, тұрпатын, мінезін, құлқын, туысын, тұрмысын, ісін» айтса; келесіде «сүйегінің, сүймейтінің, сыйлайтынын, сыйламайтынын» білдіреді. Бұл тұжырымдардан шығатын қорытынды адам жан-жағын танып-білумен қатар, оны таразылап, өз талғамынан, қабылдауынан өткізіп бағалайды, тек содан кейін ғана сөз арқылы, тіл арқылы оны өзге жұртқа жеткізеді. Әлемнің тілдік бейнесін де ғалым осыған сәйкестендіре түсіндіреді: «Жалаң сөз дүниені тұрған қалпында алып айтады. Көркем сөз дүниені көңілдің түйген, қиялдың меңзеген қалпына түсіріп айтады... Жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады. Көркем сөз болуға ықтимал деген нәрселерді де алып сөз қылады... жоқ нәрсені барға ұйғарып сөз қылады» [4; 210]. Бірі ақылға, бірі қиялға бағынған аталмыш сөз үлгілері дүниені қабылдауда адамның екі қабілетіне

сүйенетіндіктен, қара сөздің танымдық белгілері де дарынды сөздің өзіндік ерекшеліктерімен салыстыра зерделенеді. Сөйтіп, «ес» және «зейін» ұғымдарының табиғаты адамның қиялдау, «толғану» әрекетінің ерекшелігімен сипаттала анықталады. «Қара сөзден адам тек ұғым алады дедік. Ұғымның өзі керекті орнына қарай екі түрлі болады. 1. Ес ұғымы, яғни еске керек ұғым. 2. Іс ұғымы, яғни іске керек ұғым» [4; 211]. Ұғым арқылы сипатталатын қара сөздер бірде «дүниедегі нәрселердің бәрін, затын, сырын, сипатын, мүдетін, мұратын тануды» көздесе, бірде «табиғат ісін, күшін, нәрселерін қалай пайдаланатын жолын білуге» бағытталады, сондықтан аталмыш бөлім ұғымды қабылдауға, түсінуге көмектесетін «зерденің» негізгі қызметтерін сұрыптай отырып, оның басты функциялық белгілерін танымның алуан түрлі қырларын айқындауға, әлемдік бейнесін саралауға арқау етеді. «Адамның зейініне» қатысты жинақталған авторлық тұжырымдар да ғаламтанудың, табиғаттанудың, әлеуметтанудың ерекшеліктерін жүйелеуге бағытталған.

- Бүтін ғаламды тануға жұмсалып, дүниедегі бар нәрсенің барлығын, яғни бар деп ұйғарылған нәрсенің бар-жоқтығын танып, белгілі бір қарарға келгенде адамға бір үлкен ұғым пайда болады. Сол ұлы ұғым жүйесі даналық деп аталады. Даналық мақсаты бүтін ғаламды танып, бүтін ғалам атанған дүниенің жұмбағын шешпек.

- Құдайды тану жағына жұмсалып, құдай турасындағы мәселені шешпек болғанда, дін пайда болып, ұғым жүйесі жасалса, ол ғақайд деп аталады.

- Табиғат құбылысын тану жағына жұмсалып, табиғаттың түрлі заңдарын тауып, қасиеттерін біліп, әбден көз жеткенде пайда болатын ұғым жүйесі – ғылым деп аталады.

- Әлеумет мәселесіне жұмсалып, әлеумет ісіне жол сілтегенде, көсемдік ұғым жүйесі пайда болады.

- Табылған білімді басқаларға үйрету жолына жұмсалғанда, үгіт-тәрбие ұғым жүйесі пайда болады.

- Басқаның ісін таразыға тартып, ұнамды, ұнамсызын тексергенде, сын ұғымының жүйесі пайда болады.

Зерде арқылы білім мен ғылымның, тәлім-тәрбиенің, қабылдау мен бағалаудың нормалары, жүйелі болмысы қалыптасатындықтан, тілтанымның өзекті мәселелері қатарында тілші адам ойының жемісін құрайтын сөз өнерінің табиғи заңдылығына мән берді. Тіл, ғалам және таным негіздері арқылы тілдік ізденістердің жаңа бағыт-бағдарын өзектеген А. Байтұрсынұлы «адамның шығармашылық деңгейде ескіні қайта қарау, сол арқылы ментальды кеңістікті кеңейту әрекеттеріне сүйенген когнитивтік қабілетін» [6; 46] басшылыққа ала отырып, қазақ лингвистикасында когнитивтік зерттеулердің

бастапқы үлгі-көріністерін жүйелеуге мүмкіндік берді, оларды «тіл мен сөйлеу» арақатынасы арқылы дәлелдеп көрсетті, сол себепті кезінде Т. Қордабаев «...Өз кезінде түркі республикаларында А. Байтұрсынұвпен бой теңестіретін филолог саусақпен санарлықтай ғана болатын» [7; 6] деген екен.

«Тілдің қоғамдық құбылыс ретіндегі және тілдің психологиялық сипаты арасындағы сәйкестік немесе тілде көрініс табатын жүйе мен қабілет арасындағы байланыс олардың динамикалы әрі біріне-бірі ауысып өте беретін өзгешелігіне қатысты болады» [8; 63], - деп А. А. Леонтьев атап көрсеткендей, тілде байқалатын әлеуметтік және психологиялық сәйкестіктер қазіргі қазақ тіл білімінде де тіл мен ойлаудың арақатынасын, олардың бір-біріне әсерін, адамның сөйлеу әрекеті арқылы айғақталатын болмысын, ерекшелігін танымдық негізде лингвистикалық тұрғыдан дәйектеуге мүмкіндік беріп отыр.

Осыған орай, А. Байтұрсынұлы адамға тән екі ғаламның сабақтастығын дәлелдеу мақсатында оның психологиялық эмоционалды көңіл-күйін қияли танымның, ойлы сезімнің өзгіне айналдыра сипаттады. «Ішкі ғаламның» субъективті мүмкіндіктерін, өзіндік даму жүйесін анықтауда «тысқы ғаламның» элементтерін ұтымды пайдалана білген ғалым тілдік құралдарды, адамның сөйлеу әрекетін оның ойының жемісі ретінде қарастыра отырып, «жүрек лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі» [4; 226] сияқты ұғымдар байланысын жан-жақты зерделеді. «Ойлау екі түрлі: ойлағанда я нәрсеге тиісінше ойлайды, я көңілінің түйісінше ойлайды» [4; 209] дей отырып, тілші адамды қоршаған әлемдегі заттар мен нәрселер табиғатын «сипатты» қабылдаудан өткізе келе, әрқайсысын «бойындағы қасиеттеріне» қарай «жағымды, жағымсыз» әсерлер арқылы таразылады. «Нәрсе түрлі сипатты болады. Ол сипаттардың біреулері бойына біткен сипат болса, екіншілері адамның қосқан, таңған сипаттары болады. Мәселен, нәрсенің бірін жылы, бірін суық, бірін тегіс, бірін бұдырмақ, бірін қатты, бірін жұмсақ дейміз. Бұл сипаттар нәрсенің бойында бар сипаттар. Бұл сипаттаудың біреулері адамға ұнайтын болар да, біреулері ұнамайтын болар... Бұлардың біреулерін жағымды, сүйкімді деп, екіншілерін жағымсыз, сүйкімсіз деп сипаттау нәрсені тиісінше сипаттау емес. Адам өз көңілінің түйісінше сипаттау болады» [4; 209] деген тұжырымға сүйенер болсақ, дүниенің өзі адам санасына «шынайы жағымен» яки табиғи болмысымен әсер еткенде, оның тек «тиіс» белгілері ескеріледі де, ал жеке психологиялық тұрғыдан не болмаса субъективті бағалау, оған өзіндік көзқарасыңды білдіру тұрғысынан алып қарағанда, тысқы ғаламдық заттар «түйістің» елегінен өте қабылданып, «көңілдің түйген, қиялдың меңзеген» қалпын

«әліптейді» [4; 210]. Олай болса, адам, ғалым пайымдауынша, сол әсерлер жігін тек «... уытты, лепті, әсерлі, қанды қайнатып, жүрек тулатып, естен айырып, ерікті алып кететін күшті, көрнекті, сәнді, мәнді тіл» арқылы ғана баяндап жеткізе алады яки кез келген құбылысқа өз қарым-қатынасын білдіру мүмкіндігіне ие болады. Демек, тіл мен ойлау байланысынан туындайтын психологиялық реңктер тілтанымдық фактілердің қабылдану өзгешелігін дәйектейтін болғандықтан, адам дүниеге әкелген сөз үлгілері де, олардың функционалды-семантикалық өзгешеліктері де танымдық процестің нәтижесін құрайды. Анығырақ айтқанда, «шешен сөз», «толғау» сынды әдеби шығармалар адам – дүние – тіл ұғымдарының «зор іліккен» байланысын уәждейтін психологиялық таным тұрғысынан сұрыпталды.

Шешен сөздің «қызметі адамның жүрегін билеп, жүйесін босату, қанын қыздыру, намысын келтіру, арқасын қоздыру» сынды әрекеттерге негізделетіндіктен, бұл жағдайда «айтушының мақсаты баяндап, сипаттап түсіндірумен қоймай, пікіріне нандыру, сендіру, ұйыту, бұйыту, иман келтіру» [4; 222-223] қажеттілігіне саяды, сондықтан адам өзінің «ішкергі ғаламына» сүйену арқылы толғай отырып, психологиялық мүмкіндіктерін адамтану, қоғамтану, тілтану, табиғаттану бағыттарына жұмсайды. Оның себебін А. Байтұрсынұлы адамның қоршаған әлеммен психофизиологиялық сабақтастыққа түсуі арқылы айғақтады. Ол «Адам дүниедегі көрген-білген нәрселерін тек байқап, тек пікірлеп, тек саңлаулап қана қоймайды. Ол нәрселермен қатар адамның көңіліне күй де жасалады. Адам көрген-білген нәрсенің я ісінің біріне күйінеді, біріне сүйінеді, бірінен сескенеді, бірінен шошынады. Сезіліп тұрған тысқарғы ғаламмен, сезіп тұрған ішкергі ғаламның екі арасы санаға келіп түйіскен жерде жырттылып айрылғысыз болып бірігеді» деп атап көрсетті. Осыған орай, автор адамның санасына өзгеше анықтама да берді, оның бар болмысы мен қызметін тоғыстыра отырып, тілші «Адамның санасы фотография (сүгірет машинасы) емес, нәрсенің тұрпатын ғана түсіріп қоятын нәрсенің саңлауы келіп адамның санасына түскенде, адамның ойын да, көңілін де бірдей оятады...» [4; 226] деген маңызды тұжырым жасады, соның арқасында қазақ тіл ғылымында адам психикасын танымдық негізде дәйектеген алғашқы көзқарастар дүниеге келіп, когнитивті зерттеулердің құнды ұстанымдары өзектеле бастады.

Жалпы адамзаттық таным арқылы қалыптасқан халықтық ойлау үлгілері қоғамдық-тарихи және этникалық тәжірибенің үлгісін құрайтынын ескерген А. Байтұрсынұлы тілтанымдық фактілерді тіл мен әдебиет мәселелерін талдауға арқау еткен. «Халықтардың басынан өткізген анайылық шағы – біздің балалық шағымыз

мысалды» [4; 228] дей отырып, ғалым адамның алғашқы танымдық әрекеттерін табиғат сырын айқындауға бағыттады, сол арқылы «адамның қиялында орын алған нәрселерді» түсіндіруге тырысты. «Табиғат тауқыметінде тұрып» өмір сүрген халықтардың «сана-саңлауын» да тілші өзгеше қабылдаудың, сыртқы әлемнің әсері тұрғысынан дәйектей отырып, «әлемнің тілдік бейнесін» өзінше зерделеуге тырысты. «Күннің тұтылғаны қазаққа қанша қорқыныш кіргізіп, тасаттық бергізіп, қанша қой сойғызып әурелеуші еді. Бұл шақта күн тұтылуы от басындағы құманның отты көлеңкелегені сияқты ғана нәрсе болып шықты. Дауыл соғып бұрқырап, бір нәрсе ашуланған сияқты болып, дүрілдеп, күрілдеп, көкті күркіретіп, тасырлатып, бұлттарды дүркіретіп айдап, найзағайды жарқылдатып, әуені тітіретіп, дірілдетіп, жапырып жоқ қылатындай дауылдар, жауындар болады... Күн күркіреуін періште дауысына жору сияқты, найзағай ойнауын шайтанды атқанға ұйғару сияқты, табиғат ісін танымай басқаға ұйғару, басқаға таңу бұрын көп болған...» [4; 229] деген тұжырым негізінде зерттеуші бір этностың когнитивтік әлемін барша елдердің тұрмыс-тіршілігіне ортақтастыра келе, адам болмысын сипаттар универсалды заңдылықтарды маңызды тілдік мәселелерді шешуге негіз етті. Халықтық танымды адамдық фактормен жан-жақты сабақтастырған ғалым «адам анайы шағында», «ол уақыттағы адам», «адамның, елдің, жұрттың басындағы», «адам бала күнінде» секілді тіркестерді кеңінен қолданған, жеке елдің ойлау жүйесін пайымдауда да осы ұғымдардың ықпал-әсерін қоса баяндап отырған, себебі ол этникалық өзгешелігімен қатар барлық адамдар мақсат-мүдде ортақтығымен, тіршілік ету амалындағы, қарым-қатынас жасау нормаларындағы біркелкілігімен көзге түседі деп есептеді.

А. Байтұрсынұлы тілдік амалдарды, бір жағынан, адамға тән өзгеше құрал ретінде қарастыру керек, екінші жағынан, олар халықтық қазынаның зор байлығын жинақтаған қор есебінде танылуы қажет деп тұжырымдады. «Сөйлеу жүйесінің мақсаты сөйлеу жүйелерін білдіріп, анайы тілдегі асыл сөздердің түрлерімен таныстырып, сөзден нендей нәрселер жасап шығаруға болатындығын көрсету» [4; 232] екенін ескерген автор әдеби шығармаларды сол таным мен сөйлеу жүйелерінің байланысынан туындаған ұтымды көрсеткіш ретінде қарастырды, аталмыш ойын айғақтау мақсатында ол ауыз әдебиеті үлгілерінің этнотанымдық топтамасын ұсына отырып, тілтанымның халықтық көздерін өзектеді. Мысалы: «Қазақ ауыз әдебиеті жұмсалатын орнына қарай әуелі екі салаға бөлінеді: 1. Сауықтама, 2. Сарындама» деп атап көрсете келе, тілші әрқайсысына төмендегідей анықтама берумен қатар, қазақ халқының салт-дәстүрін дәйектейтін түрлеріне жеке-жеке

тоқталды. «Сауықтама саласына барша сауық үшін айтылатын сөздер кіреді. Сарындама саласына жұрттағы келе жатқан салт-сарынымен айтылатын сөздер кіретін» [4; 232] болғандықтан, осы сарындама сөздер үш тарауға бөліне сипатталған. Олар: «1. Салт сөзі. 2. Ғұрып сөзі. 3. Қалып сөзі». Этнолингвистикалық арналардың негізін құраған бұл шығармалар, ғалымның пайымдауына, халықтың «салт-санасына сәйкес пікірлерді» [4; 248], «ғұрып бойынша істелетін істерге байлаулы сөздерді» [4; 251] бейнелейтін әрі «тіл танытқыш» қызметін атқаратын өрнектер болып табылады.

Саясаттанушы Е. Зрубавел 1997 ж. «Когнитивтік әлеуметтануға шақыру» атты жұмысында когнитивтік әлеуметтанудың синхронды негіздерін анықтау мақсатында жеке тұлғалардың ойлау әрекетіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсіндіру; әлеуметтік конвенцияларға талдау жасау; хабарды қабылдау барысында байқалатын әлеуметтік шарттарға назар аудару; мағына мен мазмұн ұғымдарының типологиялық және құрылымдық негіздерін құрайтын жіктеменің әлеуметтік негіздерін оқып үйрену; аса құнды және қажет оқиғаларды, құбылыстарды не болмаса процестерді жадыда сақтаудың әлеуметтік ұстанымдарын зерттеу; уақыт, заман, қоғам мәселелерінің әлеуметтік даму шарттарын саралау [9; 1] қажеттігін атады. Осыған орай, «Сөзден әдемілеп әңгіме шығару өнері үй салу өнеріне ұқсас. Үй салуға мәселен, түрлі зат керек. Ол керек зат – топырақ болса, оны біріктіріп илейді, иленген балшықтан кірпіш құяды. Кірпішті қалап, неше түрлі үй қылып шығарады. Үйдің жақсы-жаман болып шығуы балшығынан да, кірпішінен де болады. Бірақ көбінесе кірпіштерінің қалауынан болады. Кірпіш қандай жерде қалай қаланып, қандай үй болып шығуы жасаған жобаға қарай болады. Неғұрлым жоба жасайтын сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым салған үй сәулетті, әдемі болып шығады» [4; 148],- деп сәулет өнері мен сөз өнерінің арасындағы ұқсастық элементтерді сұрыптау негізінде А. Байтұрсынұлы тілдік танымның бейнелі сипаттамасын адам мен қоршаған орта заңдылықтарының байланысу ерекшелігімен өрнектеді. Бүгінгі қоғамда әлеуметтік және рухани өзгерістерге бағытталған білім беру жүйесінде гуманизация құбылысы өркениетті дамудың басты талабы [10; 151] десек, ғалым талдауларының өзегін құраған «тіл көрнекілігі» де сол тоғысулардың бірлігін айқындады.

Сөздер мен «топырақтан иленген кірпіштің» функцияларын салыстыра отырып, тілші адам әрекетімен жасалатын өнер атаулының ең басты бір заңдылыққа бағынатынын таныды, ол – ақыл мен қиялды сабақтастыра білу, кез келген іске барша зейінмен қарау. Осыған орай, автордың «Дыбыстан құралып, сөз жасалған, кірпіштен

қалап түрлі үй жасау сияқты, сөзден бірігіп түрлі әңгімелер айтылады. Үйдің түрлі болып шығуы – балшығынан, кірпішінен, әсіресе қалауынан болатын сияқты, әңгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, сөзінен, әсіресе сөздің тізілуінен... Сондықтан мәнісінің зоры кірпіштің қалауында, жобаның жасауында болған сияқты, әңгіменің әдемі болып шығуы сөздің тізілуі мен әңгіме айтушының пікірлеуінде. Неғұрлым сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым үй де сәулетті әдемі болып шығатыны сияқты, неғұрлым жазушы қиялға бай, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарған сөз пікірлі, әсерлі әдемі болып шықпақ... Дыбыстың, сөздің, сөйлемнің сыр-сипатын тану, заңдарын білу – бұл үйге керек заттардың сыр-сипатын білу сияқты нәрсе» [4; 149] деген тұжырымы шебер

өрілген аналогиялық қабылдаудың ұстанымын ғана емес, іргелі ғылыми дәстүрдің қалыптасуын дәйектеді десек те болады.

«Құндағында жатып бесік жырын тыңдаған, ананың уыз сүтіне қанып, ұлы дүние дауысын да ана тілінде естіп, өміртану, адамтану, қоғамтану мектебін де ана тілі арқылы таныған, қабылдаған алаш өкілдерінің бәріне тән қасиет – қазақтың шұрайлы, бейнелі көркем сөзіне деген құрмет пен құштарлық» [11; 76],-деп ғалым Ф. Оразбаева атап өткендей, қазақтанудың іргесін қалайтын да, алдағы дара соқпағын айқындайтын да Алаш азаматтары. Өмір құндылықтарын ғылым мен білім жетістіктеріне сабақтастырған зерттеулердің өміршеңдігі дәуір талабымен, қоғам қажеттілігімен, ұрпақ болашағымен дәлелденген.

Э. Н. Оразалиева

Назарбаев Университет, Нур-Султан, Қазақстан

E-mail: elmira.orazaliyeva@nu.edu.kz

КРАСОТА ЯЗЫКА – МИР НЕОБЫЧНОГО ПОЗНАНИЯ (на основе трудов А. Байтурсынова)

Аннотация. А. Байтурсынов одним из первых предложил экстралингвистический анализ в казахском языкознании. Используя сочетание «восприятие разума», ученый определил роль и значение когнитивных единиц в лингвистических исследованиях. Известный лингвист, изучая значения слов с позиций мысленных воображений, описал формы познания с помощью художественного слова, где созерцание и внимание становятся источником вдохновения и понимания. Для автора ряда трудов человек становится воплощением двух миров, каждая из которых не только представляет совокупность психологических и эмоциональных восприятий, но также предопределяет сущность природных и приобретенных качеств человечества. По мнению ученого, для человека язык, будучи инструментом красивых и красочных высказываний, непосредственно становится средством и возможностью общения. На основе сопоставления языковых фактов ученый отметил, что лингвистический труд не может быть написан на материале лишь одного языка, тем самым характеризуя значимость сравнительного анализа. В результате тесного переплетения языка и мышления психологические окраски языковых и когнитивных фактов легли в основу авторских суждений о речевых образцах и их функционально-семантических особенностях.

В частности, «ораторское искусство» как вид художественного творения рассматривался в исследованиях ученого на стыке таких психологически мотивирующих понятий, как человек – мир – язык. Причину А. Байтурсынов поясняет гармоничным переплетением человеческой психофизиологической природы с окружающим его миром. Данные исследования обосновали в когнитологии значимость философских методов и принципов диалектики, подчеркивая межпредметные особенности познавательной деятельности человека. Когнитивная наука не только заложила основы принципов познания человека, но и составила ядро новых научных подходов в изучении окружающего мира и их влияния на человека. Данный метод исследования актуализировал и ряд авторских умозаключений об объективном миропонимании и ее ценностях, о восприятии человека вопросов бытия и окружающих реалий, о систематизации учений, о значимости искусства слова и о важности изучения языковых средств в сочетании и понимании с глобальными явлениями. Особенность ученого объясняется его желанием понять суть языковых когниций через образность и содержательность слова в речи говорящего. Таким образом были расширены границы лингвистических исследований и заложен фундамент философских подходов в диалектических законах науки о языке.

Ключевые слова: познание, философия, языкознание, антропология, литературные средства

E. N. Orazaliyeva

Nazarbayev University, Nur-Sultan, Kazakhstan

E-mil: elmira.orazaliyeva@nu.edu.kz

**THE BEAUTY OF LANGUAGE IS A WORLD OF EXTRAORDINARY COGNITION
(based on the works of A. Baitursynov)**

Abstract: A. Baitursynov was one of the first who offered an extralinguistic analysis in Kazakh linguistics. Using the combination of "mind perception", the scientist determined the role and value of cognitive units in linguistic research. A well-known linguist, who studied the meaning of words from the standpoint of mental imagination, described the forms of cognition with the help of an artistic word, where contemplation and attention become a source of inspiration and understanding. For the author with the significant amount of work a human being becomes the embodiment of two worlds each of which not only represents a combination of psychological and emotional perceptions but also determines the essence of the natural and acquired qualities of mankind. According to the scientist, the language, which initially was an instrument of beautiful and colorful utterances, directly becomes a device and possibility of communication for humankind. Based on a comparison of linguistic facts, the scientist claimed that linguistic work cannot be written based on the material of only one language thereby he is characterizing the significance of comparative analysis. In particular, "oratory" as a type of artistic creation was considered in the researches of the scientist as the intersection of psychologically motivating concepts such as man - world - language. A. Baitursynov explains this through the harmonious interweaving of human psychophysiological nature with the world around him. These studies helped to justify the importance of philosophical methods and principles of dialectics in cognitive science by emphasizing the interdisciplinary features of human cognitive activity. This research method also updated many author's conclusions about an objective worldview and its values, about person's perception of questions of being and their surrounding realities, about the systematization of teachings, about the importance of the art of words and the importance of studying linguistic approaches with a combination of understanding the global phenomena. By describing the "imagery of the language», and its accuracy as the basic conditions for creation in the art of words, the linguist outlined the trajectory of particularly important interweaving in the human world and his language, indicating their relevance in the nature of knowledge. The scientist's peculiarity is explained by his desire to understand the essence of linguistic cognitions through the figurativeness and meaningfulness of the word in the speaker's speech. Thereby, the boundaries of linguistic research were expanded and the foundation of philosophical approaches in the dialectical laws of the science of language was laid.

Key words: cognition, philosophy, linguistics, anthropology, literary instruments

Information about author:

Orazaliyeva Elmira Nurlanovna, Doctor of philological Sciences, associate professor of the Department of the Kazakh language and Turkic Studies, Nazarbayev University, Nur-Sultan, Kazakhstan, elmira.orazaliyeva@nu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-3428-1950>

ӘДЕБИЕТ:

- [1] Thagard P. Scientific cognition: Hot or cold? // The cognitive turn. Sociological and psychological perspectives on science. – Dordrecht, 1989. – P. 71-82.
- [2] Демьянков В. З. Когнитивная лингвистика как разновидность интерпретирующего подхода. // Вопросы языкознания. – М., 1994, №4. – с.17 – 33.
- [3] Краткий словарь когнитивных терминов. // Под общей редакцией Е. С. Кубряковой. – М., 1996. – 245 с.
- [4] Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: «Жазушы», 1989.- 320 б.
- [5] Кибрик А. Е. Очерки по общим и прикладным вопросам языкознания. – Москва: URSS, 2002 – 336 с.
- [6] Лузина Л.Г. О когнитивно-дискурсивной парадигме лингвистического знания. // Парадигмы научного знания в современной лингвистике: Сб.науч. трудов./РАН. ИНИОН. Центр гуманит.науч.-информ.исслед. Отд.языкознания; Редкол.: Кубрякова Е.С., Лузина Л.Г. и др. – М., 2006. – 164 с. – С. 41-49.
- [7] Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Рауан», 1991. – 256 б.
- [8] Леонтьев А.А. Язык, речь, речевая деятельность. – М.: URSS, КомКнига, 2005. – 216 с.
- [9] Zerubavel E. Social mindscape. An Invitation to Cognitive sociology. – L.: Harvard University Press, 1997.
- [10] Zhakina B. B. Principles of functional literacy formation of the Kazakh Language. // News of

the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social and Human Sciences, November – December, 2018, pp. 151 – 156.

[11] Оразбаева Ф. Ш. Тіл кеңістігі. Мақалалар жинағы. // Шығармалар жинағы, 3-том, Алматы: Ан-Арыс, 2019 – 580 б.

REFERENCES:

[1] Thagard P. Scientific cognition: Hot or cold? // The cognitive turn. Sociological and psychological perspectives on science. – Dordrecht, 1989. – P. 71-82.

[2] Dyemyankov V.Z. Kognitivnaya lingvistika kak raznovidnost intyerprietiroyoshtyeguo podkhoda. // Voprosi yazikoznaniya. – M., 1994, №4. – p.17-33.

[3] Kratkij slovar' kognitivnyh terminov.// Pod obšej redakciej E.S.Kubrjakovoj. – M., 1996 – 245 p.

[4] Bajtursynov A. Šygarmalary. Olender, audarmalar, zerteuler. – Almaty: «Žazušy», 1989.- 320 p.

[5] Kibrik A. E. Očerki po obšim i prikladnym voprosam jazykoznanija. – Moskva: URSS, 2002 – 336 p.

[6] Luzina L.G. O kognitivno-diskursivnoj paradigme lingvističeskogo znanija. // Paradigmy naučnogo znanija v sovremennoj lingvistike: Sb.nauč. trudov./RAN. INION. Centr gumanit.nauč.-inform.issled. Otd. jazykoznanija; Redkol.: Kubrjakova E.S., Luzina L.G. i dr. – M., 2006. – 164 s. – p. 41-49.

[7] Kordabaev T. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Almaty: «Rauan», 1991. – 256 p.

[8] Leont'ev A.A. Jazyk, reč', rečevaja dejatel'nost'. – M.: URSS, KomKniga, 2005. – 216 p.

[9] Zerubavel E. Social mindscape. An Invitation to Cognitive sociology. – L.: Harvard University Press, 1997.

[10] Zhakina B. B. Principles of functional literacy formation of the Kazakh Language. // News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social and Human Sciences, November – December, 2018, pp. 151 – 156.

[11] Оразбаева Ф. Ш. Тіл кеңістігі. Мақалалар жинағы. // Шығармалар жинағы, 3-том, Алматы: Ан-Арыс, 2019 – 580 б.

**Publication Ethics and Publication Malpractice
in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www:nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

Редакторы *М.С. Ахметова, Д.С. Аленов, Р.Ж. Мрзабаева*
Верстка на компьютере *В.С. Зикирбаева*

Подписано в печать 12.06.2021.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.

22, 25 п.л. Тираж 300. Заказ 3.